Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының **«atyrau-heritage.kz»** сайты техникалық қызмет пен ақпараттық сүйемелдеу қызметтерін «TORUS.KZ» ЖШС-нен алып келеді.

«TORUS.KZ» ЖШС-гі нарықта 2015 жылдан бастап жұмыс жасап келеді және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде музейлер, білім беру және туристік ұйымдар үшін инновациялық IT-шешімдерді іске асыруда өзін кәсіби жоғары деңгейде танытты.

«TORUS.KZ» ЖШС-гі – мекеменің **«atyrau-heritage.kz» сайтын 2020 жылы** жасақтап, авторлық құқыққа ие. Атырау облысындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін насихаттау мақсатында сапалы жұмыстар жүргізді және сайт Интерактивті картамен (киелі жерлер картасы) және QR-кодпен интеграцияланған.

2020 жылы «TORUS.KZ» ЖШС әзірлеген интерактивті технологияларды пайдаланудың нәтижесінде Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің aqtobe-museum.kz сайты жұмысын оңтайлы жүргізіп, нәтижесінде «Рухани қазына – 2020» фестивалінде «Үздік мемлекеттік музей сайты» номинациясын жеңіп алды. Аталған жұмыстардың нәтижесі ретінде музейдің ресми сайтына сайт көрермендерінен қызығушылық танытылып, жоғары баға берілуде.

Интуитивті сайт мазмұнын басқару, деректерді жедел жаңарту, тарихи-мәдени мұра жұмысы үшін маңызды интерактивті мүмкіндіктерді қолдау сияқты жұмыстары мен бағдарламалық жасақтамасының бірегейлігін, әзірлеушінің құзыреттілігін және екі ұйым арасындағы ынтымақтастықты, табысты тәжірибелерімізді ескере отырып, сайтқа техникалық қызмет көрсету келісімшартты аталған «TORUS.KZ» ЖШС-імен жасасу қажет деп санаймыз.

Жоғарыдағыларды баяндай келе, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек**» деген сөзін және Қазақстан Республикасы 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабы 1 тармағы 1 тармақшасына және 16 бабының 3 тармағының 28 тармақшасына сәйкес **Вебсайттарды ақпараттық қолдау бойынша** қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Мекеме басшысы **Т.Достыбаев**